# Үй тапсырмасы

1. “Өнердегі жанр” деген ұғымды қалай түсінесің?
2. Күй өнеріндегі жанрларды ата?
3. “Толғау” жанрындағы күйлер нені баяндайды?
4. “Толғау” жанрындағы суретшілер мен композиторлар нені толғайды?

# Сабақтың тақырыбы:

# Қазақ вальсі


жел - ден ер - - де - ген, Даң -қы - мыз шық-ты
сы ал - ған уа - қыт - ты, Мәң - гі - лік до-сын-
ме - ген, Қа - за - ғым мық - - ты ғой!
ты, Біз- дің ел о - - сын - лай!
нің е - лім, Гү - лің бо - лып






Talisman
REKLAMAKZ.NET

# Біліп ал !



Латиф Хамиди (1906-1983)-Қазақ халқына белгілі дарынды композитор. Татарстан республикасында дүниеге келген. Қазақстанның халық әртісі.Ол алғаш рет жаңа жанрларда-вальс, романс, марш, симфониялар жазды. Композитор Ахмет Жұбановпен бірге «Абай» операсын жазған. Бисенғали Ғизатовпен бірге «Домбыра үйрену мектебі» және Хабидолла Тастановпен бірлесе отырып «Дирижерлік етубің негіздері» атты зерттеу еңбектері бар.



# *Бибігүл Төлегенова*



# Сергіту сәті !

*Бибігүл Төлегенованың "Қазақ вальсі" әнін тыңдау*






# Білесің бе?

Жиенқұлова Шара (1912-1991)- алғашқы қазақ халық билерін жасап, сахнаға шығарған қазаққа әйгілі биші. Қазақстанның халық әртісі. Өзінің алғашқы шығармашылық жұмысын Қазақ драма театрының актерлігінен бастайды. Ол М. Әуезовтың **«Еңлік Кебек» және «Қарагөз»** спектакльдерінде Еңлік пен Қарагөздің рөлін сомдаған. 1934 жылы Қазақтың опера және балет театрында жұмысын жалғастырды. Ол М.Әуезовтың «Айман Шолпан» және Е.Брусиловскийдің **«Қыз Жібек», «Жалбыр», «Ер Тарғын»** сынды операларына би қояды.



Г.Ысмайлова. “Қазақ вальсі.Шара Жиенкулова”.

# Түсініп ал !

Вальс- жұптасып айнала билейтін би түрі.
«Лендлер»- оңтүстік Германия мен австрияда пайда болған халық күйі.
«Матеник»- Чех халықтарының жұптасып билейтін халық биі.



# Сабақты бекіту.

1. “Қазақ вальсі” әнінің авторлары кімдер?

*Латиф Хамиди , Күләш Байсейітова*

2.Латиф Хамиди Ахмет Жұбановпен бірге қандай опера жазды?

*“Абай” операсы*

3.Алғашқы қазақ вальсін кім биледі?

*Шара Жиенқұлова*

4.“Қазақ вальсі” суретінің авторын ата?

*Гүлфайрус Ысмайылова*

5.Шара биші және ...

*Қазақстанның халық әртісі*

6.Шара Жиенқұлова сахнаға ең алғаш қай жылы қандай бимен шықты?

1934 жылы “Келіншек” атты қазақ биімен сахнаға шықты.

# Қорытындылау.

*“Қазақ вальсі” тақырыбын оқып келу.*
*Сөзжұмбақ құрастыру. Шара Жиенқұлова туралы мәнжазба.*

## Бағалау.